

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесінізденуге үсінген ған «Еңбек дауларын сотта қараудың  
процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбындағы  
Исаева Айнұр Женісқызының диссертациялық жұмысына  
ПКР**

А.Ж. Исаеваның «Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктерінің зерттегілік мәселесіне және оларды шешудің теория мен практикалық мәселелеріне арналған.

**1. Зерттеу жұмысының өзектілігі, оның ғылым мен практика үшін маңыздылығы және байланысы**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оның ішінде еңбек құқықтарын қорғау әрбір мемлекеттің маңызды мәселесі болып табылады. Жұмыспен қамтылған халықтың біраз бөлігі жалданып жұмыс істейді. Сондықтан экономикалық дағдарыс жағдайында, әлемдік пандемияға байланысты, басқа да экономикалық, саяси факторлардың әсерінен туындаған жағдайдажұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау қажеттілігі ерекше өсіп келе жатқандығымен және мемлекеттің тұрақты дамуы осы қызметкерлердің еңбек құқығы дұрыс және тиімді қорғалуына байланысты болғандықтан зерттелген жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында еңбек дауларын сотта қарау және оларды дұрыс шешу ерекше назар аударуды талап етеді. Осыған байланысты жаңа қабылданған заңнамалық реттеу мен жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу тетігінің ерекшеліктеріне, атап айтқанда, тұжырымдамалық аппаратты және олардың дұрыс жіктелуін, еңбек дауларының себептерін, еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібі мен жеке еңбек дауларын сотта қараудың түрлері, сондай ақ ұжымдық еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері зерттеліп, еңбек дауларын сотта қараудың шетелдік тәжіриbesі мен еңбек даулары бойынша іс жүргізуде процестік нормаларды қолданудагы проблемалар қаралып, қолданыстағы заңнама мен еңбек дауларын қарауға байланысты сот және өзге де органдардың қызметін жетілдіруге байланысты ұсыныстар берілді.

**2. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы.**

Автормен диссертация зерттеу жұмысы барысында келесілер зерттелді:

- еңбек дауларының жалпы сипаттамасы беріліп, олар жүйелі түрде жіктелді;
- еңбек дауларын сотта қарауга байланысты нормалардагы олқылықтарды анықтау мақсатында осы бағыттағы еңбек заңнамасының дамуы зерттелді;
- еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібін тәжірибемен байланыста қарастырды;
- жұмысқа қайтадан алуға байланысты істерді сотта қараудың тәжірибелік материалдарын Жоғарғы Сот, жергілікті соттар тәжірибесімен

біріктіре зерделеді және оның процессуалдық тәртібін жетілдіруге байланысты теориялық ұсыныстар берді;

- жұмыскердің еңбекақысын төлеуге қатысты туындайтын еңбек дауларын азаматтық процесте қараудың сottық тәжірибесін шет ел тәжірибесімен салыстырмалы талдал, сottа қарауды онтайландыруға байланысты ұсыныстар бере алды;

- еңбек-құқықтық қатынастарда туындайтын материалдық жауапкершілікten пайда болатын еңбек даулары талданды;

- еңбек дауларын сотта қарау мен шешүдің процесін цифрландыру арқылы жетілдірудің мүмкін болатын бағыттары айқындалды.

### **3. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.**

Ғылыми жұмыс диссертациялық ізденістің барлық талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы үш бөлімге бөлінген және сәйкесінше әрбір бөлім өзара байланысқан сол бөлімнің мәнін ашатын бөлімшелерден тұрады, сондай-ақ олардың тақырыптары өзара құрылымдық байланысқа ие.

Бірінші бөлімде «еңбек дауы» ұғымына түсінік бере отырып, еңбек заңнамасында «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» деп бөлуді ұсынады. Сондай-ақ еңбек дауларының класификациясын жасап, жүйелендірген. Еңбек дауларын сотта қараудың заңнамалық дамуын хронологиялық тұрғыдан зерттей келе, еңбек заңнамасы ережелерінің позитивті және керісінше қайта қарауға тиіс тұстарын анықтаған.

Екінші бөлімде еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібін, жеке және ұжымдық еңбек дауларын Жоғарғы Сот пен жергілікті соттардың тәжірибелік мысалдарымен байланыстыра отырып зерттеген. Және де нәтижесінде еңбек дауларын сотта қарауды заңнамалық жетілдіруге қатысты ұсыныстар бере алды.

Ушінші бөлімде еңбек дауларын сотта қараудың шетелдік тәжірибесін, оның сотқа дейін қаралуының проблемаларымен байланыста, сондай-ақ цифрландыру жағдайында еңбек дауларын қараудың қазіргі уақытта туындал отырған сұраптарын талдаған. Осы мәселелерге қатысты ұсыныстары мен ұсынымдарын зерделеген.

### **4. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.**

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы еңбек дауларын қарауды құқықтық реттеудің болмауынан туындаған заңнамадағы олқылықтардың орнын толтырып, проблемаларды шешуге жаңаша тұжырымдарды негіздеуінде көрініс табады. Мұндай ғылыми негізделген тұжырымдар өз кезегінде еңбек дауларын сотта қарау турасындағы теорияны ілгері дамытып, тәжірибе мен еңбек, азаматтық іс жүргізу заңнамасы арасындағы алшақтықты азайтады.

Жұмыста еңбек дауларында жұмыскер мен жұмыс берушінің құқықтарын тиімді әрі тен қорғауға мүмкіндік беретін заңнамалық жүйені өзгертетіндегі ұсыныстар мен ұсынымдар берілген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ізденушімен қорғауға ұсынылған тұжырымдарда айқындалған.

### **5. Диссертациялық жұмысты жазудағы ізденушінің өзіндік жұмыс жасауы.**

Жалпы, автордың зерттеуден алған нәтижелерінің практикалық маңызы бар, оның ережелері, қорытындылары мен нәтижелері Қазақстан Республикасында еңбек дауларын сотта қарau кезінде, осы проблемамен айналысатын магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмысы кезінде қолданылуы мүмкін. Осы зерттеудің жекелеген ережелері мен материалдарын оқу процесінде және жекелеген пәндерді оқу кезінде пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеу барысында А.Ж. Исаева өзін тәжірибелі зерттеуші, мәселені және оны шешу шараларын нақты тұжырымдай алатын, мақсаттар мен міндеттерді, жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотта караудың процессыалдық ерекшелерін анықтай алатын білікті маман ретінде көрсетті. Зерттеуші докторанттың аналитикалық қабілеттерін, оның проблемага терең енуге деген ұмтылышын және зерттелетін мәселенің мәнін, оның шығармашылық ойлауды, мәселенің шешімін іздеудегі тәуелсіздігін атап өткөн жөн.

#### **6. Диссертациялық жұмыстың сыйнан өтуі.**

Диссертацияның негізгі қағидаттары, нәтижелері мен корытындылары, ғылыми ұсыныстары 14 жарияланымда көрініс тапқан. Оның ішінде 5 уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 импакт-факторга ие Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 6 халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 3 шетелдік халықаралық конференция материалдарында жарияланды.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері мен корытындылары, ғылыми ұсыныстары ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетімен, ҚР Кәсіподактар федерациясымен бірлесе отырып, «Еңбек дауы бойынша келісу комиссиясы туралы ұлгілік ережесін» дайындауда пайдаланылды.

#### **7. Ұсыныс**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Исаева Айнұр Женісқызының философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, қойылған талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуді ұсынамын.

**Ғылыми жетекші,  
I.Жансүгіров атындағы Жетысу  
университетінің профессоры,  
зан ғылымдарының кандидаты**

